



**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

“БЕКІТЕМІН”

Академиялық мәселелер бойынша проректор,

п.ғ.к., профессор

А.А.Кудышева

«__» _____ 20__ ж.

2022-2023

оқу жылында қабылданған

6B01505-БИОЛОГИЯ МҰҒАЛІМІН ДАЯРЛАУ

білім беру бағдарламасының

(ББ шифры және атауы)

**КӘСІПТІК ПРАКТИКА
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Шымкент 2022

Кәсіптік практика бағдарламасы _____ 6B01505-БИОЛОГИЯ МҰҒАЛІМІН ДАЯРЛАУ _____
Білім беру бағдарламасы (Ғылыми кеңес №__ хаттамасы, __ __ 20__ ж.) негізінде дайындалды.

Құрастырған: _____ Г.Халикова

Бағдарлама __Биология__ кафедрасының мәжілісінде талқыланды.
№ __1__ хаттама, «__27__» _____ 08_____ 20__22__ ж.

Кафедра меңгерушісі _____ А.А.Успабаева
(қолы)

Жаратылыстану факультет кеңесінде қаралып, бекітуге ұсынылды.
№ _____ хаттама, «__ __» _____ 20__ ж.

Жаратылыстану факультетінің деканы _____ А.Т.Саулембаев

КЕЛІСІЛГЕН

Білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыздандыру
бөлімінің басшысы _____ Айтбаева А.Е. _____

Қ.Спатаев атындағы №7 мектеп-лицей директоры _____ Алмаханқызы Р.

Н.Ондасынов атындағы № 38 мектеп-гимназияның директоры _____ Жусипова А.С.

Кіріспе

ББ туралы қысқаша сипаттама:

«БВ01505 Биология мұғалімін даярлау» Білім беру бағдарламасының мақсаты университеттің Стратегиялық даму жоспарының мақсатына және университет миссиясына сәйкес анықталған.

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Ұлттық біліктілік жүйесі мен еңбек нарығы талаптарына сай жалпымәдени және кәсіби құзыреттіктерді меңгерген бәсекеге қабылетті биология пәнінің мұғалімін даярлау.

Білім беру бағдарламасының міндеттері:

1. білім алушылардың кәсіби қызметін тиімді атқаруға қажетті түйінді құзыреттіктерін қалыптастыру;
2. білім алушылардың тұлғааралық құндылықтар негізінде әлеуметтік жауапкершілігін және кәсіби этикалық нормаларды ұстануын қалыптастыру;
3. білім алушылардың кәсіби шыңдалуға, өзін-өзі жүзеге асыруға ынталандыру негізінде білім беру сапасының деңгейін ұлттық және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестендіру;
4. білім алушылардың кәсіби білімі мен практикалық дағдыларын жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес қалыптастыру;
5. Кәсіптік практика барысында «Биология» пәнінің жаңартылған мазмұнымен таныстыру
6. «Биология» пәнін жаңартылған мазмұнда оқыту арқылы биологиялық процестердің мағынасын, негізгі заңдар мен заңдылықтарды түсініп, оларды шынайы өмірде қауіпсіз қолдана алуға үйрету
7. тіл үштұғырлығы, функционалдық сауаттылық және салауатты өмір сүру негізінде қоғамды жаңартуда белсенділік танытатын жоғары білімді маман даярлауды қамтамасыз ету.
8. телекоммуникациялық құралдар мен интернеттің көмегімен қашықтықтан жұмыс істеу дағдыларын алу, қашықтықтан жұмыс істеу әдістерін кеңейту.

Білім беру бағдарламасының құндылықтары

Білім беру бағдарламасының мазмұнында айқындалған негізгі құндылықтар:

- Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік
- Құрмет
- Ынтымақтастық
- Еңбек пен шығармашылық
- Ашықтық
- Өмір бойы білім алу

«БВ01505 Биология мұғалімін даярлау» Білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқаратындықтан, жалпы білім беру (негізгі орта, жалпы орта) мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары кәсіптік практика базалары болып табылады.

Білім беру бағдарламасы мен жұмыс оқу жоспары негізінде кәсіби іс-практика бағдарламасы ұсынылып отыр. » Білім беру бағдарламасы ерекшеліктеріне байланысты келесі кәсіптік практика түрлері жүргізіледі:

1. Оқу (танысу, тілдік) практикасы
2. Өндірістік практика
3. Педагогикалық практика
4. Диплом алды практика

2. Оқу жұмыс жоспарынан көшірме

Күндізгі

№	практика түрі	Кредит саны	курс	Семестр	Апта	қорытынды	Ескерту
1	Оқу практика	3	1,2	2,4	3	есеп	
2	Тілдік	1	2	4	1	есеп	
3	Педагогикалық	2	2	4	2	есеп	
4	Педагогикалық	6	3	6	6	есеп	
5	Педагогикалық	9(13)	4	8	9(13)	есеп	13 апта
6	Диплом алды	4	4	8	4	есеп	

3. Кәсіптік іс-практика түрлері, мақсат-міндеттері

3.1 Оқу практикасы

Оқу практикасы «БВ01505 Биология мұғалімін даярлау» Білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін өткізіледі және 1-курста алғаш рет 2 апта бойы ұйымдастырылады.

Оқу практикасының мақсаты – болашақ кәсіптің объектісі болып табылатын ұйымның-мектептің ұйымдық-құқықтық нысанымен, құрылымымен, басқару жүйесімен және т.б. жалпы танысу. Сонымен қатар болашақ кәсіптік қызметінің түрлерін, функцияларын және міндеттерін зерделеу, еңбек ұжымында жұмыс жасау дағдыларын игеру болып табылады.

Оқу практикасы барлық білім алушылар үшін ұйымдастырылады. Оқу практикасы ББ ерекшелігіне, бейініне сәйкес өткізілетіндігі кафедра мәжілісінде қаралып, практика бағдарламасында көрсетіледі.

Оқу практикасының міндеті:

1. Білім беру бағдарламаларымен танысу;
2. Болашақ білім беру бағдарламасының объектісі болып табылатын ұйымның-мектептің ұйымдық-құқықтық нысанымен, құрылымымен, басқару жүйесімен және т.б. жалпы танысу;
3. Мектептегі құжаттармен танысу:
 - 3.1 Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта);
 - 3.2 Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары мен оқу жоспарымен танысу
 - 3.3 Білім алушылардың білімін бағалау критерийлерімен танысу
 - 3.4 Білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау тәртібімен танысу
 - 3.5 Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулықпен танысу
 - 3.6 Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулықпен танысу
 - 3.7 Пәндерге қатысты қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағымен танысу
 - 3.8 Пәндерге қатысты жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстармен танысу
 - 3.9 Пәндерге қатысты тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясымен танысу

Оқу практикасынан өту қорытындысы бойынша оқу нәтижелері:

-Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттың, оқу пәнінің типтік бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын анықтайды ;

- Жаңартылған жалпы білім беру бағдарламасында білім мазмұнын айқындайтын нормативтік құжаттардың мазмұнын жіктейді;

- Студенттер пәнаралық байланысты (педагогика, психология, әдістеме және т. б.) тәрбие қызметінде қолданады;

- Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысын жобалау, ұйымдастыру, талдау туралы түсініктерін сипаттайды;

- Білім беру ұйымының мультимәдени ортасында тәрбие жұмысының жоспарларын ұсынады;

- Есеп беру құжаттамасында тәрбие қызметін жобалау және талдау нәтижелерін, нақты сабаққа дидактикалық материалдарды ойлап табады.

3.2 Тілдік практика

Тілдік практика ағылшын және көптілді топтардың білім алушылары үшін ұйымдастырылады.

Тілдік практикасының мақсаты студенттердің жалпы мәдени және кәсіби құзыреттілігін жетілдіру болып табылады.

Оқу (тілдік) практиканың мақсаты білім алушыларда ауызша және жазбаша аударудың дағдыларын, іскерлік мен достық қарым-қатынас дағдыларын, соның ішінде оқытылатын тілдердің сөйлеушілерімен қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Оқу (тілдік) практиканың міндеттері:

1) білім алушыларды ауызша және жазбаша аударудың теориясы мен практикасының негіздерімен танысу;

2) теориялық және практикалық білімдері мен машықтарды бекіту және кеңейту;

3) тілдік коммуникация саласындағы практикалық дағдылар мен машықтарды алу;

4) арнайы лексиканы аудару дағдыларын ұлғайту және бекіту;

5) тиісті мамандық бойынша сөздік қорды арттыру;

6) сөйлеу тілін, шет тілде тілдесудің диалогтық нысанын дамыту және бекіту болып табылады.

Тілдік практика тілдерді білетін кадрларды даярлайтын және көптілді білім беретін мамандықтарда білім алушылар үшін жүргізіледі, сондай-ақ мамандыққа байланысты білім алушылардың оқуды аяқтағанына дейін 2-курстан бастап ұйымдастырылады.

Тілдік практика аталған мамандық бойынша мамандарды даярлайтын арнайы кафедраға бекітіледі.

Тілдік практиканың бағдарламасында білім берудің деңгейлі моделі мен шет тілдерді меңгерудің және көптілді білім беру қағидаларының талаптарын есепке алу қажет.

Оқу практикасынан өту қорытындысы бойынша оқу нәтижелері:

1. Кәсіби дискурс саласында ағылшын тілінде қарым-қатынасты анықтайды
2. Кәсіби ағылшын тілді ортада өзара әрекеттесуге тілдік дайындығының тиімділігін түсіндіреді.
3. Кәсіби бағытталған ағылшын тілді қарым-қатынас жасайды.
4. Лексика-семантикалық терминологияны талдайды
5. Кәсіби бағдарлаудың лексикалық бірліктерін меңгеру; шет тіліндегі кәсіби қарым-қатынаста әлеуетті іске асыруда көрінетін сөйлеу әрекетін тексереді
6. Биологиядан ағылшын-қазақ терминология сөздігін әзірлейді.

3.3 2 курс студенттерінің педагогикалық практикасы

2-курста ұйымдастырылатын педагогикалық практика болашақ мұғалімдерді мамандығына, кәсібіне сәйкес педагогикалық және психологиялық тұрғыдан даярлауға, студенттердің практикалық іс-әрекет түрі ретінде маңызды педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталады және ол екі аптаға созылады.

Студенттер алғашқы аптасында педагогикалық тапсырмаларды орындаса, екінші аптасында психологиялық тапсырмаларды орындап бағаланады.

Психологиялық-педагогикалық практика базасына:

1) мектепке дейінгі ұйымдар;

2) жалпы білім беру (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) ұйымдары енеді.

Психологиялық-педагогикалық практиканың мақсаты студенттерді кәсіби салада табысты бейімделуге қажетті құзыреттіліктерді алу үшін кәсіпорынның немесе ұйымның әлеуметтік ортасына тарту болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық практика міндеттері:

- мектеп немесе білім беру мекемесінің негізгі жұмыстарымен танысу;

- сынып жетекшісімен, сынып ұжымымен танысу және оған талдау жасау;

- сынып ұжымына зерттеу жұмысын жүргізу, сипаттама беру;

- сынып сағаттары мен сыныптан тыс шараларға қатысу және оған талдау жасау;

- сынып сағатын ұйымдастыруын бақылау;

- сыныпқа, жеке оқушыға мінездеме берудің жолдарын оқып-үйрену

Білім алушыларда тұрақты қызығушылықты және педагог мамандығына деген көзқарасты тәрбиелеу

Білім алушылар ұжымының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу рәсімдерімен практикалық танысу

Сабаққа (тәрбиелік іс-шараларға) психологиялық-педагогикалық талдау жасау.

Психологиялық-педагогикалық практикадан өту нәтижелері:

- Психологиялық бақылау құрылымының негізгі ерекшеліктерін, педагогикалық үрдістің түрлі субъектілерімен өзара іс-қимыл жасау тәсілдерін сипаттайды.

-Сынып пен жекелеген оқушыларға психологиялық-педагогикалық зерттеулерді, дидактикалық, психологиялық аспектілерде оқу-тәрбие үдерісін талдайды.

-Сыныпта тәрбие жұмысын ұйымдастырады және оның нәтижелерін бағалайды.

- Білім беру мекемесінде қазіргі заманғы АКТ, смарт және стем-технологияларды, оқыту стратегияларын (сыни ойлау, функционалдық сауаттылықты дамыту, үштілділік, коллаборативтік оқыту, өздігінен білім алу және өзін - өзі жетілдіру, критериалды бағалау) заманауи әдістерді ұсынады

- Білім алушы тұлғасының психологиялық-педагогикалық сипаттамасын құрады..

3.4 Педагогикалық практика

Педагогикалық практикадан өту үшін жалпы білім беру (негізгі орта, жалпы орта) мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына жіберіледі. «6B01505 Биология мұғалімін даярлау» Білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттер білім беру (педагогикалық), әртүрлі оқу орындарында биология мұғалімі ретінде (мектептерде, гимназияларда, лицейлерде, колледждерде, және т.с.с) жұмыс жасай алады, сондықтан білім алушылардың кәсіптік практиканы өткізу үшін материалдық-техникалық базасы бар ОҚО аудан, қала мектептері таңдалады және өткізеді.

Педагогикалық практикадан өту үшін студент зоология, ботаника, генетика, биологияны оқыту әдістемесін, адам анатомиясы, адам және жануарлар физиология, оқытудың инновациялық модульдері пәндерін жетік меңгеруі тиіс, сондықтан педагогикалық практика оқу жоспарына сәйкес 3,4 курстардың көктемгі семестрінде жүргізіледі. Педагогикалық практикаға 1 кредитке 1 апта бөлінген

3-курста ұйымдастырылатын 4 апталық педагогикалық практика пән мұғалімінің, сынып жетекшісінің қызметін атқаруға бағытталады. Мамандықтың жұмыс оқу жоспарына сәйкес меңгерген пәндеріне орай практикантқа жалпы орта мектептердегі 7-9 сыныптар бөлінеді, яғни бөлінген сыныпта биология пәнінен сабақ береді жәе сынып жетекшілік қызметті қоса алып жүреді.

Педагогикалық практиканың мақсаты – Әр түрлі типтегі білім ұйымдарында өздігінен педагог қызметін атқару барысында күзінеттіліктерін бекіту, кәсіби дағдылар жүйесін жетілдіру және педагогикалық қызметіндегі өзіндік стилін қалыптастыру. Жалпығылыми, культурологиялық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және арнайы пәндер бойынша білімдерді бекіту және тереңдету, теориялық білімдер негізінде педагогикалық машықтарды, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру. Телекоммуникациялық құралдар мен интернеттің көмегімен қашықтықтан жұмыс істеу дағдыларын алу, қашықтықтан жұмыс істеу әдістерін кеңейту.

Педагогикалық практиканың міндеттері:

- 1) педагогикалық қызметтің бастапқы практикасын игеру;
- 2) сабақ беру мен оқыту әдістемесін меңгеру;
- 3) педагогикалық шеберліктің негіздерін білу;
- 4) оқу-тәрбие және оқытушылық жұмысты өз бетінше жүргізудің машықтары мен дағдыларына баулау;
- 5) ғылыми-психологиялық және педагогикалық зерттеудің дағдыларын меңгеру;
- 6) тәрбие жұмысының әдістемесін меңгеру;
- 7) оқытудың инновациялық технологияларды білу;
- 8) оқу және тәрбие жұмысы барысында білім алушыларға олардың даму ерекшеліктерін ескере отырып жеке тәсілді жүзеге асыру болып табылады.

Педагогикалық практикадан өту қорытындысы бойынша оқу нәтижелері:

- Жаңартылған мазмұны шеңберінде оқу, сыныптан тыс, тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктерін түсінеді

-Жеке, дифференциалды, өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру, күтілетін оқу жетістіктерін критерияларды бағалау, коллаборативтік оқыту қызметін талдайды

- Білім беру бағдарламасының заманауи міндеттерін шешуге бағытталған сабақ жоспарларын құрастырады.

- Оқу-тәрбие процесіне педагогика, психология және жеке әдістемелер бойынша интегративтік білімді енгізеді

- Заманауи ақпараттық ресурстар мен технологияларды пайдаланып, дидактикалық материалдар жасайды.

- Кәсіби-тұлғалық өзін дамыту бағдарламаларын түзеді.

4-курста ұйымдастырылатын 8(12) апталық педагогикалық практика пән мұғалімінің, сынып жетекшісінің қызметін атқаруға бағытталады (практиканттарды 8-11 сыныптарға бөледі), пән мұғалімінің, сынып жетекшісінің қызметімен қоса мектеп директорының, оның орынбасарларының қызметтерімен танысуға және тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасарының ұйымдастырушылық қызметін де меңгеруге арналады.

Педагогикалық практиканың мақсаты (4 курс) нақты қызмет жағдайында кәсіби позицияны апробациялау болып табылады: оқу-тәрбие процесі мен білім беру ортасын жобалау, іске асыру және бағалау саласында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру.

4-курстағы педагогикалық практиканың міндеті:

-мектептің ішкі ережесімен, пән мұғалімі мен сынып жетекшісінің қызметтік нұсқауларымен танысу;

-жоспар бойынша бекітілген сыныпта биология пәнінен сабақ өткізу, тәрбие сағаттарын ұйымдастыру;

-сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;

-бекітілген сыныпқа психологиялық зерттеу жұмысын жүргізу;

-жоспар бойынша бекітілген сыныпта биология пәнінен ашық сабақ беру;

-жоспар бойынша 1 ашық тәрбие сағатын өткізу;

-сыныпқа, жеке оқушыға психологиялық мінездеме беру;

-педагогикалық практика есебін әзірлеу.

-телекоммуникациялық құралдар мен интернеттің көмегімен қашықтықтан жұмыс істеу дағдыларын алу

-қашықтықтан немесе гибриді жұмыс істеу әдістерін кеңейту.

Педагогикалық практикадан өту қорытындысы бойынша оқу нәтижелері:

-Электронды, ақпараттық және сандық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, оқытудың инновациялық тәсілдерін және оқытудың қазіргі заманғы стратегиясын, инновациялық білім беру технологияларын (жеке тұлғаға бағытталған, диалогтық, акт, смарт және STEM-оқыту және т. б.) қолданады;

- Білім берудегі менеджер қызметін түсінеді.

- Оқытудың стратегиясы мен жоспары мен оқытудың заманауи технологияларын жіктейді.

- Электрондық сынып журналымен, білім алушылардың/тәрбиеленушілердің күнделіктерін, "Мәңгілік ел" және "Рухани жаңғыру" құндылықтары негізінде тәрбиелік іс-шараларды қолданады

- Білім алушылармен кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастырады

-Заңнамалық, нормативтік-құқықтық және ғылыми-әдістемелік құжаттарды ата-аналармен, педагогтармен және білім беру ұйымдарының басшыларымен кәсіби коммуникативтік қарым-қатынас арқылы талдайды

3.5 Диплом алды практикасы

Диплом алды практика дипломдық жұмысты орындайтын білім алушылар үшін ұйымдастырылады, ұзақтығы - 4 апта.

«6B01505 Биология мұғалімін даярлау» Білім беру бағдарламасы бойынша диплом жұмысының тақырыптары биологияны оқыту әдістемесіне бағытталады.

Диплом алды практика мақсаты – дипломдық жұмысты (жобаны) жазудың аяқталуы. Білім алушылардың алған құзырлығын нығайту, тереңдету және және кәсіби білім беру бағдарламаларын меңгеру барысында алған теориялық білімдерін практикалық әрекеттермен практика жүзінде шыңдау. Оларды таңдаған мамандығы бойынша өз бетінше кәсіби қызмет

атқаруға және бәсекеге қабілетті маман дайындау, студенттердің кәсіби білім беру бағдарламаларын меңгеру барысында алған теориялық білімдерін практикалық әрекеттермен бекіту болып табылады.

Диплом алды практиканың міндеттері:

- дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы бойынша практикалық материалдарды жинақтау, өңдеу және жалпылау;
- дипломдық зерттеудің тақырыбы бойынша статистикалық мәліметтері мен практикалық материалдарды талдау;
- дипломдық жұмыстың (жобаның) немесе есептің тақырыбы бойынша қорытындыны, заңдылықтарды, кепілдемелер мен ұсыныстарды тұжырымдау;
- дипломдық жұмысты немесе есепті білгіленген талаптарға сәйкес ресімдеу болып табылады.

Диплом алды практиканың өту қорытындысы бойынша оқу нәтижелері:

- ғылыми зерттеу жұмыстарын істей отырып, қоғамды жаңартуда белсенділік танытады;
- инновациялық технологияларды қолдануда, қызметін жоспарлауда *сыни ойлау мен креативтілікті* пайдаланады;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін дәйектейді;
- *заманауи зерттеулер нәтижесін* кәсіби қызметінде болашақта қолданады;
- өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіріп, диплом жұмысында өнім жасап шығарады

4. КӘСІПТІК ПРАКТИКА БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Мерзімі	Іс-әрекет мазмұны	ұйымдастыру әдістері
1.Оқу практика		
1-12 күндер	1. Білім беру бағдарламаларымен танысу; 2. Болашақ білім беру бағдарламасының объектісі болып табылатын ұйымның ұйымдық-құқықтық нысанымен, құрылымымен, басқару жүйесімен және т.б. жалпы танысу; 3. Мектептегі құжаттармен танысу: 3.1 стандарт 3.2 Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары мен оқу жоспары; 4.Пән бойынша сабақтан тыс жұмыстардың жоспары, тәрбие жұмысының жоспары; 5.Бекітілген сынып оқушыларының адамгершілік тәрбиесінің деңгейі; 6.Оқу-тәрбие іс-әрекеттерінің психологиялық аспектісі	Білім беру бағдарламаларымен танысу Мектептен танысу
2.Тілдік практика		
1 күн	I. ОҚМПУ тарихын, Биология кафедрасының тарихын зерттеу (жоба) ағылшын тілінде II.«Биология» кафедрасының жабдықталған зертханаларымен танысу ағылшын тілінде	зертханаларымен танысу ағылшын тілінде
2,3 күн	Қаланың элеументтік саябақтарында өсетін өсімдіктерінің атауын ағылшын тілінде жазып сипаттама беру	Терминологиямен танысу
4,5 күн	Биология мамандығы бойынша сөздік қорды арттыру 7-9сыныптарға арналған «Биология» пәні бойынша терминология	Терминологиямен танысу
3. Педагогикалық практика		
3.1 Психологиялық-педагогикалық практика		

2-курс 2 сем 1-апта	Орнықтыру конференциясына қатысу (карантин жағдайында-онлайн өткізу), кәсіптік практика бағдарламасымен танысу; қазіргі мектептегі тәрбие жұмысының жүйесі, оның бағыттарымен танысу;	Танысу, зерттеу, талдау
2-апта	- телекоммуникациялық құралдар мен интернеттің көмегімен қашықтықтан жұмыс істеуді үйрену, қашықтықтан жұмыс істеу әдістерін кеңейту. -сынып жетекшісінің қиын балалармен жұмыс жүйесінің барысын бақылау және талдау жасау; - алдыңғы қатарлы педагог-мұғалімдердің сабақтарына қатысу(карантин жағдайында-онлайн қатысу) - қазіргі жағдайдағы балалар мен жас өспірімдерге арналған тәрбие сағатының тақырыптары мен ұйымдастырылуын бақылау, талдау жасау; - мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару жүйесінің барысы туралы ақпарат жинау, - мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдаланудың жолдары (үйірмелер, қосымша сабақтар, т.б.); - мұғалім – оқушы, оқушы – оқушы, ата-ана – мұғалім – оқушы қарым-қатынасын зерттеу; -шағын топтағы психологиялық қарым-қатынас; -педагогикалық практика есебін әзірлеу.	Талдау, зерттеу, бақылау, қорытындылау
3.2 Педагогикалық практика		
1-апта	Әр түрлі типтегі: лицейлердің, гимназиялардың, орта мектептің оқу тәрбие жұмыстарымен, ұжымымен танысу. Мектептің құрылымымен, тарихымен, ережелерімен танысу.Оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру жұмыстарымен танысу.	Факультеттегі бастапқы конференция Студенттерді сыныптарға бөлу, мақсат, міндеттерімен таныстыру
	Оқу ісі жөніндегі орынбасары, пән мұғалімі, сынып жетекшісімен бірге отырып студенттерді сыныпқа бөлу(карантин жағдайында-онлайн түрінде)	Мектеп директоры және меңгерушілерімен әңгімелесу. Мектептің оқу-тәрбие жоспарымен танысу. Студенттердің жеке жұмыс жоспарын жасау бойынша кеңес беру.
	Құжаттар / мемлекеттік стандарт, негізгі орта білім беру деңгейінің «Биология» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен, ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарымен танысып, анализ жасау, ҚМЖ құрастыру, сынып жетекшісінің жылдық жоспарын жасау	
	Өзі бекітілген сынып оқушыларының адамгершілік тәрбиесінің деңгейін менгеру	
	Жоғары сынып оқушыларының психологиялық ерекшелігін менгеру	Психологпен консультация, пән мұғалімі, сынып жетекшісімен әңгімелесу.
	Оқу тәрбие іс әрекетінің психологиялық аспектісі	
	Белгіленген сыныпқа психологиялық-педагогикалық мінездеме беру әдістемесімен танысу	
2-апта	Пәндерге қатысты қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалармен, токсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы танысу,құрастырып үйрену. Озат мұғалімдердің практикаларымен танысу	Оқушылармен, сынып жетекшісімен, мұғалімдермен әңгімелесу, оқушыны зерттеу бойынша оқытушымен кеңесу.
	Бөлінген сыныпта биология пәнінен сабақ өту. Теориялық материалдарды қайталау, сабақ өтетін тақырыптарды анықтап, ҚМЖ құрастыру, АКТ, дидактикалық материал туралы кеңес алу.	
	Сыныптан тыс, сабақтан тыс жүргізілетін	

	жоспарларымен танысу. Биологиялық тақырыпқа байланысты кештердің тақырыбын анықтау	
3-апта 4- апта	Бөлінген сыныпта биология пәнінен сабақ өту. Теориялық материалдарды қайталау, сабақ өтетін тақырыптарды анықтап, ҚМЖ құрастыру, АКТ, дидактикалық материал туралы кеңес алу. Озат мұғалімдердің практикаларымен танысу	Сынып жетекшісінен, мұғалімдерінен кеңес алу, сабақ жоспарын құру бойынша пән мұғалімімен, институттағы жетекшісімен кеңесу.
	Сыныптан тыс, сабақтан тыс жүргізілетін жоспарларға сәйкес сынып сағаттарын өткізу. Биологиялық тақырыпқа байланысты кештердің жетілдірілген әдістемесін жазу.	
	Пән мұғалімімен бірігіп сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастырып өткізу, оған талдау жасау.	
	Сыныпта сабаққа үлгермеушілермен жұмыс	
	Сыныптан тыс, сабақтан тыс жүргізілетін жоспарларға сәйкес сынып сағаттарын өткізу. Биологиялық тақырыпқа байланысты кештерге дайындық. Ата-аналар жиналысын өткізуге көмектесу.	
	Пән мұғалімімен бірігіп сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастырып өткізу, оған талдау жасау.	
	Сыныпта сабаққа үлгермеушілермен жұмыс	
	Музейлерге, мәдени орындарға топсеруен жасау	
	Есеп дайындау	
3.3 Педагогикалық практика (4 курс)		
1-апта	Оқу ісі жөніндегі орынбасары, пән мұғалімі, сынып жетекшісімен бірге отырып студенттерді сыныпқа бөлу (карантин жағдайында-онлайн түрде)	Факультеттегі бастапқы конференция Студенттерді сыныптарға бөлу, мақсат, міндеттерімен таныстыру Мектеп директоры және меңгерушілерімен әңгімелесу. Мектептің оқу-тәрбие жоспарымен танысу. Студенттердің жеке жұмыс жоспарын жасау бойынша кеңес беру.
	Құжаттар / мемлекеттік стандарт, негізгі орта білім беру деңгейінің «Биология» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен, ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарымен танысып, анализ жасау, ҚМЖ құрастыру, сынып жетекшісінің жылдық жоспарын жасау	
	Өзі бекітілген сынып оқушыларының адамгершілік тәрбиесінің деңгейін меңгеру	
	Жоғары сынып оқушыларының психологиялық ерекшелігін меңгеру	
	Оқу тәрбие іс әрекетінің психологиялық аспектісі / сабақтың психологиялық құрылымы, оқушылардың қызығушылығы, педагогтік этика, танымдық іс әрекетінің ерекшеліктері, қарым қатынас, сабақтастығы, микроклиматы/	
2-апта	Бөлінген сыныпта биология пәнінен сабақ өту. Теориялық материалдарды қайталау, сабақ өтетін тақырыптарды анықтап, ҚМЖ құрастыру, АКТ, дидактикалық материал туралы кеңес алу. Озат мұғалімдердің практикаларымен танысу	Сынып жетекшісінен, мұғалімдерінен кеңес алу, сабақ жоспарын құру бойынша пән мұғалімімен, институттағы жетекшісімен кеңесу.
	Пәндерге қатысты қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалармен, тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы танысу, құрастырып үйрену.	
	Сыныптан тыс, сабақтан тыс жүргізілетін жоспарларымен танысу. Биологиялық тақырыпқа байланысты кештердің жетілдірілген әдістемесін жазу.	
3-апта	Пәндерге қатысты қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалармен, тоқсандық жиынтық бағалаудың	Сынып жетекшісінен, мұғалімдерінен кеңес

	спецификациясы танысу, құрастырып үйрену. Озат мұғалімдердің практикаларымен танысу	алу, сабақ жоспарын құру бойынша пән мұғалімімен, институттағы жетекшісімен кеңесу.
	Бөлінген сыныпта биология пәнінен сабақ өту. Теориялық материалдарды қайталау, сабақ өтетін тақырыптарды анықтап, ҚМЖ құрастыру, АКТ, дидактикалық материал туралы кеңес алу. Озат мұғалімдердің практикаларымен танысу	
	Сыныптан тыс, сабақтан тыс жүргізілетін жоспарларға сәйкес сынып сағаттарын өткізу. Биологиялық тақырыпқа байланысты кештердің жетілдірілген әдістемесін жазу.	
	Пән мұғалімімен бірігіп сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастырып өткізу, оған талдау жасау.	
	Сыныпта сабаққа үлгермеушілермен жұмыс	
4-апта-7 апта	Бөлінген сыныпта биология пәнінен сабақ өту. Теориялық материалдарды қайталау, сабақ өтетін тақырыптарды анықтап, ҚМЖ құрастыру, АКТ, дидактикалық материал туралы кеңес алу. Озат мұғалімдердің практикаларымен танысу	Сынып жетекшісінен, мұғалімдерінен кеңес алу, сабақ жоспарын құру бойынша пән мұғалімімен, университеттегі жетекшісімен кеңесу.
	Сыныптан тыс, сабақтан тыс жүргізілетін жоспарларға сәйкес сынып сағаттарын өткізу. Биологиялық тақырыпқа байланысты кештердің жетілдірілген әдістемесін жазу.	
	Пән мұғалімімен бірігіп сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастырып өткізу, оған талдау жасау.	
	Сыныпта сабаққа үлгермеушілермен жұмыс	
8апта	Сыныптан тыс, сабақтан тыс жүргізілетін жоспарларға сәйкес сынып сағаттарын өткізу. Биологиялық тақырыпқа байланысты кештерді өткізу	Сынып жетекшісінен, мұғалімдерінен кеңес алу, сабақ жоспарын құру бойынша пән мұғалімімен, университеттегі жетекшісімен кеңесу.
	Музейлерге, мәдени орындарға топсеруен жасау	
	Есеп дайындау	
4. Диплом алды практика		
1-апта	Бекітілген тақырыбы бойынша материалдарды жинақтау, өңдеу және жалпылау	Жинақтау, өңдеу
2-апта	дипломдық зерттеудің тақырыбы бойынша статистикалық мәліметтері мен практикалық материалдарды талдау	Талдау
3-апта	дипломдық жұмыстың (жобаның) немесе есептің тақырыбы бойынша қорытындыны, заңдылықтарды, кепілдемелер мен ұсыныстарды тұжырымдау	қорытындылау
4-апта	дипломдық жұмысты немесе есепті білгіленген талаптарға сәйкес ресімдеу, алдын ала қорғау	алдын ала қорғау

5. КӘСІПТІК ПРАКТИКАНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ТАПСЫРЫЛАТЫН ҚҰЖАТТАР

Кәсіптік практикадан соң студенттерден мынадай құжаттар талап етіледі:

№	Талап етілетін құжаттар	Бағалау критерийі
Педагогикалық практикадан соң студенттерден мынадай құжаттар талап етіледі және бағалау критерийлері:		
1.	Титул беті	
2.	Жолдама бөлігі (келу мен кету туралы белгісі бар, мөр басылған парағы)	10 балл

3.	Практика күнделігі (талапқа сай толтыру міндетті)	20 балл
4.	Биология пәнінен өткен ашық сабақ талдамалары	30 балл
5.	Ашық тәрбие сағатының талдамасы	20 балл
6.	Практика есебін қорғау хаттамасы	
7.	Практика кезінде атқарылған жұмыстардың электронды нұсқасы CD дискіде (іс-практика кезінде өткен сабақ талдамалары, тәрбие сағатының талдамалары, фото суреттері, бейнебасылымдары, т.б.)	20 балл
Педагогикалық -психологиялық практикадан соң студенттерден мынадай құжаттар талап етіледі және бағалау критерийлері:		
1	Сынып жетеушінің құжаттарына талдау	30 балл
2	Ашық тәрбие сағатын өткізу және талдамасы	30 балл
3	Мектеп психологтарының құжаттарына талдау	30 балл
4	Есеп	10 балл
Оқу практикасы мен тілдік практикадан соң студенттерден мынадай құжаттар талап етіледі және бағалау критерийлері:		
1.	Практика күнделігі (талапқа сай толтыру міндетті)	50 балл
2.	Жұмыс жоспары мен терминдермен жұмыс	30 балл
3.	Есеп	20 балл
Диплом алды практикадан соң студенттерден мынадай құжаттар талап етіледі және бағалау критерийлері:		
4	Дипломдық жұмысты білгіленген талаптарға сәйкес ресімдеу, алдын ала қорғау	100 балл

6. Пайдаланылатын әдебиеттер:

6.1. Негізгі әдебиеттер:

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1.Негізгі әдебиеттер

- 1 Педагогика. 2015. Әлқожаева. Н.С.
- 2 Педагогика. 2016. Дүйсенбаев. А.Қ.
- 3 Педагогика. 2014. Усманов.Ә.Ә. Сәрсенбаева.М.Б.
- 4 Дидактика. 2013. Әмірова.Ә.С.
- 5 Педагогиканың философиясы және әдіснамасы. 2016. Таубаева.Ш.Т.
- 6 Педагогика. 2014. Каракулов. К.Н.
- 7 Педагогика. 2015. Дүйсенбаев. А.Қ.
- 8 Педагогиканың ғылыми-зерттеу әдістері. 2015. Асанов.Ж., Әбдіхалық.Н
- 9 Педагогикалық ғылыми зерттеу теориясы мен әдістемесі. 2016. Жиенбаева С.Н.
- 10 Педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістері.2015. Жұмабекова.Ф.Н., Нұрғазиева.Н.М.
- 11 Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері. 2014. Жұмабекова Ф.Н., Нұрғазиева Н.М.
- 12 Психология тарихы. 2016. Ахметова.А.Қ., Бектұрғанова.С.М.
- 13 Педагогикалық психология. 2015. Өтепбергенова. З.Д.
- 14 Жалпы психология.2015. Алдамұратов Ә., Рақымбеков Қ.Бапаева М., Нығыметова Г., Түрікпенов Ж.
- 15 Психологиялық кеңес беру.2015. М.М.Байбекова, Ж.Н.Жантасова
- 16 Жалпы психология. 2014. Алдамұратов.Ә.
- 17 Психология және адам дамуы.2014. Асылханова.М.А.
- 18 Психология және адам дамуы. 2017. Үсембаева.Р.Б., Пірімбетова.С.К.,Әкімбаева. А.Ә.
- 19 Психологиялық ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру. 2015. Болтаева.Ә.М.
- 20 Маклаков А.Г. Общая психология. – М., 2008
- 21 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. - СП б.: Питер, 2005

- 22 Гиппенрейтер Ю.Б. Введение в психологию.- М.: Изд-во МГУ, 1996
- 23 ҚР «Білім туралы» заңы // Егемен Қазақстан, 27 шілде, 2007 ж.
- 24 «Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығы

2. Қосымша әдебиеттер

- 1 Педагогикалық мамандыққа кіріспе. 2014. Жұмабекова.Ф.Н.
- 2 Педагог мамандығына кіріспе. 2017. Бұлақбаева.М.К.
- 3 Педагогика тарихы. 2016. Меңдаяхова. Қ,Тайтелиева.Л.Р.
- 4 Кәсіби педагогика.2012. Дүйсембінова.Р.Қ.
- 5 Педагогикалық жүйетану негіздері.2015. Мұханбетжанова.Ә.
- 6 Арнайы педагогика 2016. Заркенова.Л.С., Омарова.Н.Н., Ильясова.Б.И.
- 7 Педагогика тарихы бойынша атлас. 2012. Коркина.В.И., Әбідина. С.К.
- 8 Арнайы педагогика және психология негіз.. 2016. Мадалиева.З.Б., Әрінова.Б.А.
- 9 Арнайы педагогика. 2016. Дүйсенбаев.А.Қ., Балтымова. М.Р
- 10 Педагогиканың қысқаша тарихы. 2013. Артемьев.А.И.
- 11 Жоғары мектеп педагогикасы.2014. Шалғынбаева.Қ.Қ., Албытова.Н.П., Сламбекова.Т.С.
- 12 Жоғары мектеп педагогикасы.2016. Бұлақбаева.М.К.
- 13 Қазіргі замандағы педагогикалық технологиялар.2014. Бөрібекова.Ф.Б. , Жанатбекова.Н.Ж.
- 14 Педагогикалық практикада студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру.2016. Балабаева.А.И.
- 15 Педагогикалық ғылыми зерттеу теориясы мен әдістемесі. 2016. Жиенбаева.С.Н.
- 16 Пәнаралық байланыс негізінде студенттердің эстетикалық талғамын дамытудың педагогикалық шарттары.2016. Дарменова.Р.А.
- 17 ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялылардың педагогикалық ой - пікірлері.2016.Байменова.Б.С
- 18 Педагогикалық сөздік. 2016. Ыбыраимжанов.Қ.Т., Қоянбаева.Г.Р
- 19 Psychology of interpersonal communication: educational manual. 2015.Kustubayeva A., Tolegenova A., Kamzanova A., Jakupov M.
- 20 Жалпы және тұлғалық психология. 2013. Бабаев.С.Б.
- 21 Психология личности. 2012. Шадрин.Н.
- 22 Тұлға психологиясы.2016. Бердібаева.С.Қ
- 23 Білім берудегі практикалық психология.2013. Балғымбаева.З.М., Ахтаева Н.С.
- 24 Тұлға психологиясы.2014. Әбеуова.И.Ә.
- 25 Саяси психология.2016. Имакова.Ф.О.
- 26 Жоғары мектеп психологиясы. 2014. Айкинбаева.Г.К.
- 27 Қазіргі психология тарихының дамуы, жағдайы, беталысы. 2012. Ақажанова.А.Т
- 28 Даму психологиясы. 2012. Сатиева.Ш.
- 29 Психология (мектепке дейінгі кезең). 2015. Жұмабекова Ф.Н., Нұрғазиева Н.М., Жамалиева С.
- 30 Психология (методические рекомендации). 2015. Боровик Т.
- 31 Психология. 2017. Жұмасова К., Есенова Л.
- 32 Психология детей от трех лет до школы в вопросах и ответах.2015. Волков Б.С., Волкова Н.
- 33 Психология общения. Практикум по психологии. 2016. Ефимова Н.С.
- 34 Псих-я педагогического общения. 2016. Волков Б.С., Волкова Н.В., Орлова Е.А.

7. Кәсіптік іс-практика бағдарламасына 20__ / 20__ оқу жылында енгізілген қосымшалар мен өзгертулер:

1. _____

2. _____

3. _____

және т.б.

Кәсіптік іс-практика бағдарламасы қайта қаралып, енгізілген өзгертулер _____
кафедрасының мәжілісінде қаралды

« _____ » _____ 20__ ж. Хаттама № _____

Кафедра меңгерушісі _____

Енгізілген өзгертулермен келісілді:

Факультет деканы _____

« _____ » _____ 20__ ж. Хаттама № _____